

А. Данченко

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫНЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Ауа райы болжамы қашанда халықтың назарында болған. Күтілетін ауа райының қандай болатындығы туралы халық Бұқаралық Ақпарат Құралдарынан біледі. Радио, газет және телевизия салаларының ішінен естіп қана қоймай, көріп ұғынатын ақпарат көрермендердің көңілінен шығады. Телевизия саласында кең таралған ауа райы болжамының көрсетілімдері жаңалықтар топтамасының бір бөлігіне жатады. Жаңалықтардың тілдік бейнесіне әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың бірі – уақыттың аз не көп болуы, қазіргі кезде ол өте маңызды. Телехабарда уақыт факторы бірінші орында тұратындықтан, көрсетілетін жаңалықтар қысқа әрі нұсқа формасындағы сөйлемдермен ресімделеді, онда штамп, тұрақты тіркестер көп қолданылады. Жаңалықтар топтамасы неғұрлым қысқа болса, ауа райы болжамы да соғұрлым қысқа әрі нақты болады. Мысалы «НТВ», «7 арна» және «BBC weather forecast» арналарында ауа-райы болжамы тілінде әр алуан дәстүрлі стандарттар мен клишелер орнығып келеді. Мәселен,

«НТВ» арнасында:

- Здравствуйте! О прогнозе погоды на завтра вам расскажу я, Андрей Соколов.

- Здравствуйте! В студии Елена Уткина. Погода на завтра. Информация предоставлена Гидрометцентром России.

- Здравствуйте! В студии Ирина Полякова с погодой на завтра.

- Здравствуйте! О погоде на завтра. С вами Екатерина Решетилова.

«7 арна»-да:

- Сәлеметсіздер ме! Назарларыңызға қазанның 31-не арналған

ауа райы болжамының ұсынамыз.

- Сәлеметсіздер ме! Назарларыңызға мамырдың 6-на арналған ауа райы болжамын ұсынамыз.

«BBC weather forecast» арнасында:

- Hello! The blossom of the trees are trying to tell us about spring, but the weather is taking you turn back into winter.

- Hello! There is more snow in forecast and staying cold to the rest of this week at least.

- Hello! We don't like spending much time at damp, next day we enjoy the weather.

т.б тілдік оралымдар, клишелер тұрақты қолданылады. Бұл – телехабарлар тілінің табиғатына тән құбылыс. Алайда, орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мысалдырды салыстырып қарайтын болсақ, үш елдің жүргізушілері бірдей ресми түрде амандасады. Одан кейінгі сөздердің мағынасы бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, орыс тілінде жүргізушілер алдымен өздерін таныстырады, бірақ ертенгі күнге арналған ауа райы болжамы деумен шектеледі, нақтырақ айтқанда күні айтылмайды. Әр жүргізушінің өзіндік қалыптасқан амандасу стилі бар. «НТВ» арнасының жүргізушілерінің ішінен тек Елена Уткина ғана ауа райы болжамының мәліметтері Ресейдің Гидрометеорталығынан алынғандығы туралы хабарлайды.

Қазақ тілінде шығатын ауа райы болжамының жүргізушісі амандасып болғанан кейін, ресейлік арна секілді «ертенгі күнге арналған ауа райы болжамы» деген сөз тіркесін қолданбай, нақты күнді айтады «қазанның отыз біріне немесе мамырдың алтысына арналған ауа райы болжамын ұсынамыз». Қазақстанда ауа райы болжамы туралы ақпаратты барлық бұқаралық ақпарат құралдарына жергілікті «Қазгидромет» мемлекеттік метеоқызметі хабарлайды, алайда бұл туралы қазақстандық ауа райы болжамының жүргізушісі, ресейлік жүргізушімен салыстырғанда, айтпайды. Негізгі ақпаратқа көшпес бұрын тек күнді ғана айтады, ол бір сөйлемнің көлемінде беріледі. Ағылшын тілінде берілетін ауа райы болжамының жүргізушілері де хабарды бастамас бұрын амандасады. Бірақ ауа райы болжамы қай күнге арналғандығы туралы айтпайды, тек жалпы ақпаратпен таныстырады.

Телехабардың визуалды ерекшелігіне сәйкес қандай да бір сурет, визуалды бейне тележурналист тарапынан айтылған сөзді толықтырып отыратындықтан, телехабарлар тілінде аз сөзбен көп мағына берілуі тиіс.

Сонымен қатар тележурналист сөзі мен көрсетіліп отырған суреттің сәйкес келуін ескеру қажет. Бұл жөнінде К.Д. Кирия былай дейді: «Стоит отметить, что на текст также влияет наличие и качество «картинки». Как известно, хороший, яркий видеоматериал, в котором кадры говорят сами за себя, требует минимального комментария: текст не должен мешать «картинке», напротив, бедная, однообразная «кар-

тинка», как правило, нуждается в подробном и интересном тексте» [Кирия 2007: 72-78]. Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі ауа райы болжамының телекөрсетілімдерінде визуалды ерекшелік ретінде арнайы географиялық карталар қолданылады. Қазіргі заманның мүмкіндіктеріне сәйкес бұл карталар компьютерлік графиканың көмегімен дайындалады. Ал олардың эфир барысында ауысуын Қазақстан мен Ресейде телережиссерлар басқарса, Ұлыбританияда жүргізушілердің өздері қадағалайды. Ол үшін ағылшындықтардың қолдарында арнайы құрылғы бар. Оның көмегімен олардың айтылып жатқан сөздері мен көрсетіліп отырған суреттері немесе карталары толығымен сәйкес келеді.

Ауа райы болжамында берілетін ақпаратты құруға және тілдік бірліктерді таңдауға әсер ететін фактор – аудиторияның айтылған мәтінді жеңіл қабылдауы, берілген ақпаратты қабылдауды жеңілдету. Аудиторияға айтылатын ақпаратты жеңілдету үшін тележүргізуші өз сөзінде күрделі сөйлемдерді емес, аудиторияға түсінікті болатын жай сөйлемдерді пайдалануы керек.

Телехабардағы коммуникативтік қатынас та ерекше орын алады. Телехабардың нәтижелі шығуы, оның субъектілері коммуникативтік тұлға дәрежесіне көтерілуі керек деген пікірді ұстанған Н. Уэли былай деді: «Медиа-мәтін құрайтын дискурстың толық жүзеге асырылуы үшін қажетті алғышарт ретінде адресанттың да, адресанттың да коммуникативтік тұлға деңгейінде танылу қажеттілігін атап айтқымыз келеді. Бұл күрделі ұғымның құрамы үш деңгейден тұрады: когнитивтік когнициялар қоры, прагматикалық және стилистикалық деңгейлер. Когнитивтік деңгейде тілдік субъектінің когнитивтік санасындағы когнициялар қоры іске қосылады. Яғни мәтінді жасаушы автор өз ойын жеткізу барысында сананың терең астыртын құрылымындағы білімдер жүйесін пайдалана отырып, қажетті ақпаратты кодқа салады. Осындай ақпарат мәліметтер қабылдаушының когнитивтік санасындағы білімдер қорымен сәйкес келген жағдайда адресант ол кодты ашуға қабілетті болады, демек, мәтінді толық түсінеді. Прагматикалық деңгейде адресант автордың мәтіндегі сөз қолданыстарының танылу себебін түсінеді де, сол арқылы адресанттың түпкі ниетін аңғартады. Ал адресант әрбір сөзін өзінің мәтін түзудегі прагматикалық ұстанымына сәйкес іріктеп пайдаланады. Прагматикалық деңгейде негіз болатын алғышарт ретінде коммуникативтік жағдаят танылады. Стилистикалық деңгейді іштей тілдік біліктілік және кәсіби біліктілік

журналистік шеберлік салаларына жіктеуге болады. Бұлардың біріншісіне тілдік субъектінің әдеби тіл нормаларын толық меңгеруі, сөздік қорымыздағы әрбір лексиканың семантикалық аясын білуі, әртүрлі тілдік айшықтау амал-тәсілдерін қолдана білу, т.б жатады. Ал кәсіби біліктілікке қатысты алғанда осы бар тілдік материалды журналистің өз ойын мәнерлі, көркем етіп қиюластыра жеткізу үшін пайдалана білу жатқызамыз. Публицистикалық дискурстылығымен жүзеге асырылуы үшін адресант пен адресант бірдей коммуникативтік тұлға деңгейіне жетуі тиіс» [Уэли 2007: 329 б.].

Телехабарлар тілін психолінгвистикалық тұрғыдан да қарастыру керек, өйткені тележүргізуші мәтін арқылы көрерменге ықпал етуі, тілдік құралдардың психологиялық әсер ету күші, көрерменнің ақпаратты қабылдау, оны дұрыс түсінуі, есте сақтау сияқты мәселелерді анықтау болып табылады.

Мәселен, тележүргізушінің басқаруымен жүргізілетін ауа райы болжамының мәтінін қабылдамас бұрын, көрермендер алдымен оның сыртқы келбетіне назар аударады. Егер жаңалықтарды бір диктор немесе екі диктор (ер адам мен әйел адам) жүргіссе, ауа райы болжамымен әдетте бір ғана жүргізуші таныстырады. Осылайша көрермендер ауа райы болжамы жүргізушісінің сыртқы келбетіне қарай отырып, оның мінезіне сипаттама береді. Ресейдің «НТВ» телеарнасының ресми сайтында ауа райы болжамы хабарының жүргізушісіне байқау жариялаған кезде, тележүргізушіге қойылатын негізгі талаптар деп осыларды белгіледі:

- 23-33 жас аралығындағы әйел адам немесе ер адам;
- келбеті телевизия саласына сәйкес;
- филология немесе журналистика мамандығы бойынша жоғары білімі бар маман;
- сөйлеу кемістігі жоқ, сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, интонациясы, эмоционалды күші жоғары тұлға.

Көрсетілген талаптарды талдай келе Ресейдің «НТВ» телеарнасында ауа райы жүргізушісінің жас шамасы бірінші орында тұр. Екінші орында оның сыртқы келбеті, яғни телехабарды жүргізушісінің сүйкімділік, әдемілік, инабаттылық сияқты факторлары көрермен психологиясына әсер ету жолдары болып табылады. «НТВ» телеарнасының ресми сайтында берілген ақпараттына сәйкес бағдарлама рейтингі жүргізушісінің сыртқы келбетіне тікелей байланысты екені анықталды. Мәселен, аталмыш сайтта көрермендер өз пікірлерін қалдырған кезде, ауа райы болжамының ең сүйікті жүргізушісі кім деген

сауалға 70% ең жас, әрі сүйкімді жүргізушіні, яғни Ирина Полякованы таңдады.

Ресейлік "Метео-ТВ" телекомпаниясының бас директоры Александр Митрошенковтың пікірінше: «Ауа райы болжамының «өзіндік ерекше келбеті» болу керек. Осы тұрғыдан да ауа райы болжамының жүргізушілері таңдалады. «ОРТ» арнасы үшін салмақты және қатал адам, «СТС» және «ТНТ» арналары ойнақы көңіл күймен жүргізетін жас қыздарды қалайды. Ал «НТВ» арнасы көбінесе зиялы қауым үшін хабарларды дайындайтын болғандықтан, дикторлар да осы тұрғыдан таңдалады. Александр Митрошенковтың айтуы бойынша соңғы уақытта жүргізушілерді таңдау ережелері күшейтілді. Бұрында басты орында жүргізушінің сыртқы келбеті тұрса, қазіргі таңда жақсы мұқамы мен әртіс қабілеті бірінші орында. Кәсіби білімнің болуы да талап етіледі. Жүргізушілердің көбісі екі жоғары орын бітіргендер. «НТВ» телеарнасы ерекше арна, басқа арналармен салыстырғанда жүргізушілері де өзгеше. Бұл арнаның ауа райы болжамынғың жүргізушілерінің көбісі метеорологтар. Бірақ, бәрі әйелдер емес. Мысалы, Александр Беляев «НТВ» арнасының ауа райы болжамының танымал жүргізушісі таңылды. Алдымен ол ғалым, содан соң тележүргізуші». Үш елдің ауа-райы болжамы жүргізушілерін салыстырып қарайтын болсақ «НТВ» телеарнасында 9 жүргізуші бар, оның 7 әйел адам, 2 ер адам. «BBC weather forecast» арнасында жүргізушілер тобын 14 ер адамдар мен 10 әйел адамдар құрайды. Ал «7 арнада» ауа райы болжамының екі жүргізушісі бар: біреуі қазақ тілінде жүргіссе, екіншісі орыс тілінді ақпаратты жеткізеді. Ол Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі және ресми тіл – орыс тілі статустарына байланысты, біздің елде тек ауа райы болжамы ғана емес барлық бағдарламалар қос тілде өтеді. Бұл Қазақстанның Ұлыбритания мен Ресейден айырмашылығы. Жүргізушілерге қатысты тағы да бір мәліметті айта кеткен жөн, ол ауа райы болжамы жүргізушісінің ұлты. Қарастырылып отырған мемлекеттердің жүргізушілері тек сол елдің өкілдері: Қазақстанда – қазақ (орыс тіліндегі нұсқасында орыс ұлттың өкілі), Ресейде – орыс және Ұлыбританияда тек ағылшындықтар.

Үшінші талап бойынша, филолог, яғни тіл маманы болу телевизия саласында өте маңызды, өйткені тележүргізуші бола тұра, бағдарламаны дайындау үшін редактор қызметін қатар алып жүру қажет. Дайындалған ақпаратты өз бетімен алдын ала талдау, оқу, түсіну және дұрыс жеткізе алу – бәрі де жүргізушінің құзырында.

Қатар соңында жазылған тізбек ауа райы болжамы талаптарының негізгісі деп айтуға болады, өйткені сөйлеу кемістігінің болмау, сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы және интонацияның дұрыс қолданылуы – көрермендердің айтылған ақпаратты дұрыс қабылдай алуын қамтамасыз етеді.

Дауыс ырғағы адамның көңіл күйін, өзін қоршаған ортадан алған әсерін, ішкі жан дүниесін аңғаруға мүмкіндік береді. Тікелей эфир кезіндегі жүргізушінің көңіл күйіндегі аландаушылық, қуаныш пен реніш, қобалжу – бәрі байқалып тұрады. Сондықтан да жүргізуші үшін ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыра білудің маңызы ерекше. Себебі әдемі сөйлеу мәнері, дұрыс қойылған дауыс ырғағы, екпіннің қажет жерде түсірілуі – жүргізушінің негізгі қырлары болып табылады. Ауа райы болжамының жүргізушілері берілген мәтінді үш елде әр түрлі дауыс ырғағымен жеткізеді. Қазақстан жүргізушілері дауысты қатты шығармайды, мәтінді жай және салмақты оқиды. Ал Ұлыбритания жүргізушілері керісінше, айқайлап тұрғандай дауысты жоғарлап сөйлейді. Ресейдің ауа райы болжамының жүргізушілері бірсе жай, бірсе дауысты қатты көтеріп көрермендерді күтілетін ауа райымен таныстырады. Ол сол елдің сөйлеу мәнеріне тікелей байланысты екенін байқауға болады. Мәселен, ағылшындықтар – сезім әрекетіне бойалдырушылықты жие байқатады. Орыстар - шамшылдыққа жақын халық деп саналса, біздің еліміздің азаматтарын байсалды деп есептеуге болады.

Тележүргізушінің сөйлеген сөздің интонациясы да өте маңызды. В.Н. Всеволодский-Гернгросс интонацияға арналған еңбегінде орыс тіліне тән интонацияның түрлерін он алтыға жеткізеді, ал А.Н. Гвоздев өз зерттеулерінде орыс тіліндегі интонацияның тоғыз түрін көрсетеді. Олар: мақұлдау (утвердительная), сұраулы (вопросительная), лепті (восклицательная), бұйрықты (повелительная), түсіндіру, мәнін ашу (изъяснительная), санамалау (перечислительная), қыстырма сөз, қыстырма сөйлем (интонация вводности), қарсылықты (противопоставительная), бағыныңқы (подчинительная) интонациялары. Қазақ тілі білімінде интонацияның единицаларына тікелей арналған еңбектер жоқтың қасы.

С.А. Аманжолов өз еңбегінде интонация сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінген хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерге сәкес түсіндіріледі [Аманжолов 1994: 63]. Қазақ тілі білімінде Ә.Н. Нұрмаханова да интонация проблемасын зерттеуді мақта еткен екінші ға-

лым. «Интонацияның құрамына екпін, ырғақ (ритм), әуен (мелодика), іркіліс (пауза), қарқын (темп), т.б физикалық элементтер кіреді» деп келеді де, оның ағылшын, неміс, француз тілдеріндегі ролін қысқаша атап келіп: «Осыған байланысты барлық тілдерде хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады», – дейді [Нұрмаханова 1982: 12 б].

Интонацияның функциясына қатысты неше түрлі пікірлер мен классификацияларды кездестіруге болады. Мысалы М. Халидей тілдегі интонацияны ағылшын тілінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктердің бірі деп санап, оның басқа лингвистикалық функциясын жоққа шығарып, интонацияның грамматикалық функциясын ғана мойындады [Holliday 1967: 196 б]. Ал неміс ғалымдары Ж. Дюбуа, О. Захер және тағы да басқа тіл зерттеушілері интонацияның қызметін сөйлемдегі сөздердің орнымен барабар деп біледі.

Орыстың байырғы лингвистикада да сөйлемнің мағынасын айқындау, оның мағынасын анықтауда интонацияның маңызы зор екендігі туралы пікірді көптеп кездестіруге болады. Мысалы, В.Н. Всеволодский-Гернгросс былай дейді: «В отношении к слову графическому интонация есть та живая вода, которая превращает его, мертвое, в живое; слово графическое начинает жить не только своей материальной телесной жизнью, но и жизнью одушевленной с того момента, когда появится интонация» [Всеволодский-Гернгросс 1992: 8 б].

Қазақ тіл білімінде интонация ұғымы, қызметі туралы А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ә.Нұрмаханова т.б еңбектерінде, интонацияның мәні және оның сөйлемдегі ролі мен көріністеріне біршама тоқталған. К. Аханов былайша дейді: «Интонация – сөйлемге тән белгілердің бірі. Интонация – сөйлемнің органикалық элементі. Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркесінен де құрылымдық үлгісі жағынан ажыратылады. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалуды үшін міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт. Сонда ғана олар сөйлем ретінде ұғынылады» [Аханов 1972: 267 б]. Ал А. Шахматов айтуы бойынша: «Интонация арқылы бүтін бір сөздің өзі де сөйлем бола алады», – дейді [Шахматов 1941: 67 б].

«Әуен, қарқын, ұзақтық, пауза, интенсивтілік, тембр – интонацияның негізгі компоненттері болып табылады. Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бірақ олар сөйлемнің барлық

түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, оларды бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады» [Базарбаева 2002: 35 б].

Ауа райы болжамының жүргізушілері көрермендерге мәтіннің маңыздылығын жеткізу үшін интонацияны әртүрлі мақсатта қолданады. Мысалы, ауа райының күрт өзгерілуі күтілген кезде, «НТВ» арнасының жүргізушісі дауысын көтеріп сұраулы және лепті сөйлем қолданды:

- «**Не ждали? Вот вам!** Ожидается резкое похолодание на севере страны», «Европейская территория вся открыта теплу из западной Европы. Циклоны везде развернули ветер, на юго-западной и даже южной. **Весна по графику!**»;

- «**Что будет дальше с погодой?** Еще день оттепели, а потом все-таки похолодание, не сильное, символическое. Ночью градусов до 10, днем -5. **Ну солнце и это скрасит!**»;

- «**Смотрите!** В Красноярске -10, в Омске -22, ну а в Норильске -35».

Бұл көбінесе орыс тілді ауа райы болжамына тән. Ауа райының ағылшын тілді нұсқасында сұраулы сөйлемдер сирек қолданылады, ал лепті сөйлемдер мәтінде жиірек кездеседі:

- «**Be careful!** Tomorrow probably will be sharp fall of temperature, precipitation as snow and rain and sleet».

Қазақ тілінде мәтін тек жай сөйлемдерден ғана тұрады. Ескертулер мен кеңестер айтылған кезде жүргізушінің дауыс ырғағы ғана өзгереді:

- «Еліміздің орталық аумағында жылы ауа райы қалыптасады. Қарағандыда 10, Жезқазғанда 13 градус болады. Еліміздің Оңтүстігінде де күн ашық және жылы болады, тек **таулы аймақтарда** жауын жаууы ықтимал».

«Қазақ журналистикасы» атты үш томдық жинақта тікелей эфир кезіндегі радиожурналистиканың ерекшеліктері, тікелей эфир кезінде хабарды жүргізудің құпиялары, кемшіліктері мен артықшылықтары туралы баяндалған. Бұқаралық акпарат құралдарының ішіндегі радио мен теледидар белгілі бір акпаратты тікелей эфирде берілуімен ерекшелінеді. Яғни сол уақытта жүргізушінің қимыл-әрекеті, айтылатын сөздері өте маңызды. Демек, «эфир жүргізушісі айтылар ой барысындағы дауыс ырғағын, сөз алдындағы және сөзден кейінгі үн үзілісін, екпін түсіру тәсілін, дыбыстардың айтылуын, алуан түрлі атаулар мен ұғымдардың түсінікті әрі анық жеткізілуін қадағалауда өз өнерін, ой-өрісін, білім деңгейін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтіп, шеберлігін шыңдап, күннен-күнге тәжірибесін молайтып, кемелдене түсуге талпынуы хақ.

Түптеп келгенде, жүргізуші-журналист дыбыстық әрекетті эфир заңы бойынша талапқа сай, уақытқа сәйкес үйлестіріп, яғни хабардың басталуына да, әрі қарай жақсы жалғасын табуына, өз мақсатына жетіп аяқталуына жауап беретін, сол процесс барысында әрі оператор, әрі режиссерді, күллі тетік тегершігінде жұмыс істейтін барлық қызметкерлердің кез келгенінің роліне ойша ену нәтижесінде біртұтас күрделі шаруаны ұйымдастырушы болып есептеледі» [Қазақ журналистикасы 2008: 176-177 бб].

Қандай да бір бағдарламаны тікелей эфирде жүргізу – өте күрделі процесс. Тікелей эфир кезіндегі мәтінді өңдеуге, қандай да бір қатені түзетуге хабарға пайдаланылатын дыбыстық жазбаны сол сәтте ретке келтіруге ешқандай мүмкіндік жоқ. Тікелей эфирдегі жүргізушінің әрбір әрекеті, әрбір айтылған сөздің салмағы да уақыт таразысымен өлшенеді, өйткені телеарналарда уақыт – алтын, уақыт шектеулі. Тікелей эфирдегі уақытты табысты өткізу – айрықша қабілеттіліктің, тамаша тапқырлықтың, кәсіби шеберліктің нәтижесі. Ал ауа райы болжамының жүргізушілері үшін ол екі есе қиын. Аудиторияға ақпаратты жеткізу барысында қателесіп кетуге болмайды. Жаңалықтар немесе басқа да бағдарламалар жүргізушілеріне айтылатын сөздері арнайы құралда (суфлерде) берілсе, дикторлар оны оқып қана қояды, ал ауа райы жүргізушілері сол сөздерді оқи тұра, жанында тұратын теледидардан өзінің дұрыс тұрғандығын, сол қаланы дұрыс көрсетіп тұруын қадағалайды, яғни олар екі минут уақыт аралығында бірнеше әрекеттерді басқарып отырады. Қарастырылып отырған үш мемлекеттің ішінен тек Ұлыбританияда ғана ауа-райы болжамы тікелей эфирде беріледі, ал Қазақстан мен Ресейде эфирге ауа райы болжамының алдын ала дайындалып жазылған нұсқасы көрсетіледі.

Телеэкран арқылы сөз сөйлеу – белгілі бір заңдылықтарға, өзіне тән ерекшеліктерге ие

өнер түрі. Басқа да өнер түрлері сияқты барлық элементтерді қатаң сақтауды талап етеді. Ал эфир кезінде жүргізушілерге қойылатын талаптар екі есе күшейтіледі. Олар ақпаратты жеткізу барысында эфир уақыты заңдылығына сәйкес қалыптасқан сөздік қор, терминология, орфоэпия нормалары мен грамматикалық заңдылықтарды сақтап, әдеби тіл нормасына тіл қатуға міндетті. Бұқаралық ақпарат құралдары қашанда тілдің дамуына айрықша үлесін қосып, қазақ, ағылшын, орыс, кез келген тілдің өзіндік табиғатын қалыптастырған. Телевизия саласының ерекше жанры саналатын ауа райы болжамының тілі әлі де зерттеуді қажет етеді.

1. Кирия К.Д. «Роль экстралингвистических факторов в создании телевизионных новостей // Вестник Московского университета. Серия «Журналистика», 2007. № 1. – С. 72-78.

2. Уәли. Н. «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. Ақтореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

3. Аманжолов С.А. «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы», Алматы, 1994. 63 б.

4. Нұрмаханова Ә. Н. «Қазіргі қазақ тілі», Алматы, 1982. 12 б.

5. Holliday, M. « Introduction and grammar in British English», Paris, 1967. 196 б.

6. Всеволодский-Гернгросс В.Н. «Теория русской речевой интонации», Петербург, 1992. 8 б.

7. Аханов К. «Грамматика теориясының негіздері», Алматы, 1972. 267 б.

8. Шахматов А. «Синтаксис русского языка», Алматы, 1941. 67 б.

9. Базарбаева З.М. «Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері», Алматы, 2002. 35 б.

10. Қазақ журналистикасы. 3 Том. – Алматы, 2008. 177-179 б.

В статье рассматриваются языковые особенности прогноза погоды на телевидении в казахском, английском и русском языках.

This article is devoted to the study nature of the weather forecast language on TV used in Kazakh, English and Russian languages.

И. Ш. Хамраева

СТРАТЕГИЯ СБЛИЖЕНИЯ НА ПРИМЕРЕ ФОРМУЛ ПРОЦАНИЯ В КАЗАХСКОЙ, РУССКОЙ И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ

Впервые обсуждение вопросов о культуре языка и речи нашло отражение в работах ученых Пражской лингвистической школы. С тех пор усилия лингвистов многих стран

направлены на изучение использования и функционирования языковых средств в различных сферах человеческой деятельности.